LG
Life's Good

ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМІ БАР ТОҢАЗЫТҚЫШ

Тоңазытқышты қоспас бұрын нұскаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны қолжетімді жерге қойыңыз.

GA**499****
GA**489****
GA**439****
GA**429****
GA**589****
GA**539****
GA**529****

AFN36881822

P/NO : MFL42818321, #6

www.lg.com

Тіркеу

Тоңазытқыштың үлгісі мен сериялық нөмірі өнімнің сыртқы бүйір тарапында көрсетілген. Әрбір тоңазытқыш үшін бұл нөмір дербес түрде арналған және басқа өнімдерде қайталанбайды. Бұл жерге қажетті мәліметтерді жазып, осы нұсқаулықты сатып алғаныңыздың тұрақты дәлелі ретінде сақтаңыз. Түбіртекті осы жерге бекітіп қойыңыз.

Сатып алу күні : _____

Тауар кімнен сатып алынды : _____

Делдалдың телефон № : _____

Үлгі : _____

Делдалдың мекенжайы : _____

Сериялық № : _____

МАЗМҰНЫ

4 КІРІСПЕ

4 Техникалық сипаттамалар кестесі
5 Қауіпсіздік талаптары
9 Тоңазытқыштің негізгі бөліктері

12 ОРНАТУ

12 Климаттық класс
12 Орнату
12 Қосу

13 ПАЙДАЛАНУ

13 Басқару панелі
16 - Температураны реттеу
16 - Оңтайлы температура аймағы «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР»
17 - Жылдам мұздату «БЫСТР.ЗАМОРОЗ.»
17 - «ЭКО-РЕЖИМ» электр қуатын үнемдеу режимы
18 - Бұғат «БЛОКИРОВКА»
18 - Өзін өзі тексеру
18 - Тығыз жабылмаған есік туралы ескерту сигналы «ЗВУК.СИГНАЛ»
18 - Қосу/Өшіру
19 - Мұздатқыш бөлімшенің жарықтамасы
19 Тоңазытқыш бөлімше
19 Тартпалы жәшікті суырып алу «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР»
19 Тартпалы жәшіктің қақпағын қалай алу керек
20 Көкөніс салатын тартпалы жәшік
20 Шөлмектерді сақтауға арналған тұғыр
20 Алмалы шыны сөрені алып шығу және орнату
20 Жиналмалы шыны сөре
21 Мұздатқыш бөлімшедегі тартпалы жәшіктерді алып шығу және орнату
22 Мұз дайындау

22 АЗЫҚ САҚТАУ НҰСҚАМАЛАРЫ

22 Азық сақтау

23 КҮТІМІ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУІ

23 Тазалау
23 Жалпы мәлімет
23 Тоңазытқыш жұмысының ерекшеліктері
24 Есіктерін ауыстырып ілу

27 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

27 Smart Diagnosis (ұшқыр диагностика)
28 Ақаулықтарды іздеу және жою
29 Кепілдік шарттары

29 ЖОЙЫЛУ

29 Ескі қондырғының өнделініп-жойылу тәртібі

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ:

Үлгісі / Маманданым	GA**489T*	GA**589**KZ GA**499**KZ GA**489**KZ GA**489***P GA**489**CK GA**489**VM	GA**589**QZ GA**489**QZ	GA**589**CZ GA**489**CZ	GA**589**QA GA**489**QA	GA**589**CA GA**489**CA	GA**539*V*P GA**439*V*P GA**539**QA GA**439**QA	GA**439TG**	GA**439TL**	GA**539**QZ GA**439**QZ GA**539*P*P GA**439*P*P	GA**539**CZ GA**439**CZ	GA**539**CA GA**439**CA	GA**529**QA GA**429**QA
Кесімді кернеу (В~Гц)	220В - 240В ~ 50Гц												
Климаттық класс	тоңазытқыш бөліктің ішіндегі затбелгіні қараңыз												
Қолданылатын қуат (Вт):													
- мұздату кезінде	170												
- ысытатын элемент	170												
- шамдар, максималды	-												
Сыйымдылық (л), Нетто/Брутто:	335/394		360/394				334/368						297/342
- мұздатқыш бөлім (л), Нетто/Брутто	105/131												94/131
- былқылдақтықтың аулақтануы (л)	17		-										
- тоңазытқыш бөлімі (л), Нетто/Брутто	213/263		255/263				229/237						203/211
Хладагент/Салмақ (г)	R600a/64г				R600a/62г				R600a/64г			R600a/62г	
Көбіктендіретін агент	Циклопентан												
Сыртқы өлшемдері:													
- биіктігі (мм), қаптамасыз/қаптамамен	2000/2095						1900/1995						1800/1885
- тереңдігі (мм), қаптамасыз/қаптамамен	668/745	688/745						668/745		688/745			
- ені (мм), қаптамасыз/қаптамамен	595/655												
- салмағы (кг), қаптамасыз/қаптамамен	97/103	89/95		87/93	86/92	84/90	82/88	89/95	92/98	85/91	83/89	80/86	76/82
Мұздатқыш камераның класы	Total No Frost												
Салқындату жүйесі													
Қуатты тұтыну класы*	A++				A				A++			A	
Дыбыстық қуат деңгейі, дБА**	40				41				40			41	

* Өнеркәсіп және сауда Министрлігінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 357 Бұйрығына сәйкес өлшеу мен есептеу әдістемесі.
** ГОСТ Р 51401-99 стандартына сәйкес өлшеу мен есептеу әдістемесі

ЕСКЕРТПЕ

Өндіруші компанияның техникалық мінездемелер алдын ала хабарландырусыз өзгертулер енгізуге құқығы бар.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Тоңазытқышты дұрыс пайдаланбау себебінен туындайтын жарақаттың және мүлік зақымының алдын алу үшін мына қауіпсіздік нұсқауларын орындауыңыз қажет. (Бұл нұсқаулықты оқып шыққаннан кейін, оны қауіпсіз әрі қолжетімді орынға қоюыңыз қажет.) Тоңазытқышты басқа біреуге беретін болсаңыз, нұсқаулықты қосып беруді ұмытпаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бұл белгі өлім жағдайларына немесе жарақат алу жағдайларына әкеліп соғатын қауіпті білдіреді.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Бұл белгі оқыс оқиғаның немесе материалдық зардап шегудің қаупі бар екендігін білдіреді.

Тоңазытқыштың қызметтік мерзімі - тұтынушыға өткізілгеннен бастап 7 жыл. Бұл нұсқаулықта көрсетілген пайдалану ережелерін сақтамаған жағдайда өндіруші жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Тоңазытқышты пайдаланбас бұрын, нұсқаулық бойынша тиісті түрде орнатып, қосу қажет.
- Бұл электрлік құрылғының құрылымын бөлшектеуге, жөндеуге немесе өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Ол өрттің шығуы немесе тоңазытқыш ақаулығы сияқты жазатайым оқиғаның себебі болуы мүмкін.
- Тоңазытқышты пайдалану кезінде өрт шығу, электр тогының соғу немесе жарақаттану қаупін азайту үшін, қауіпсіздіктің негізгі сақтық шараларына мойынсұну қажет.

ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСУ КЕЗІНДЕ:

Желілік кабель немесе аша зақымдалса немесе розетка ұяшығында толық контакт болмаса, тоңазытқышты пайдалануға болмайды.



Ол электр тогының соғуына немесе қысқа тұйықталу пайда болып, өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Жеке розетка пайдаланған дұрыс.



Бірнеше құрылғы үшін бір розетканы қолдану нәтижесінде өрт шығуы мүмкін.

Желілік кабельдің бүгіліп қалуына жол бермеңіз және ауыр заттың астында қысылып қалмауын қадағалаңыз.



Қысылып қалған кабель өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

Желілік кабельді ауыстыруға немесе ұзындығын өзгертуге болмайды. Ол желілік кабельді зақымдап, қысқа тұйықталуға себеп болып, өрттің шығуына әкеліп соғуы мүмкін.



Кабель зақымдалған жағдайда, қауіптің алдын алу мақсатында, оны ауыстыру жұмысын өндіруші, қызмет көрсету орталығы немесе соған ұқсас білікті маман орындауы қажет.

Кабельді тартпаңыз немесе ашаны су қолмен ұстамаңыз.



Ол электр тогының соғуына немесе жарақаттануға себеп болады.

Ашаны сүртіп, құрғатыңыз, шаңнан тазалап, абайлап розеткаға тығыңыз.



Шаң, су немесе контактінің әлсіз болуы өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Тоңазытқыш жерге тұйықталуы қажет.



Жерге дұрыс тұйықталмаған жағдайда тоңазытқыштың істен шығып қалуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

Желілік кабельдің ашасына су тигізбеңіз.



Ашаға су тисе немесе а
зақымдалған жағдайда
шығуы немесе электр т
соғуы мүмкін.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ:

Тоңазытқыштың үстіне ауыр, қауіпті және басқа да заттарды қоймаңыз.



Тоңазытқыш есігін ашып, жапқанда ол заттар құлап, жарақат алуға, өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Есікке, қалталарға, жәшіктерге немесе сөрелерге ұстанып тұрмаңыз.



Ол тоңазытқыштың құлауына немесе қол жарақатын алуға әкеліп соғуы мүмкін. Әсіресе, балалардың олай істеуіне жол бермеңіз.

Электрлік бөлшектер изоляциясының зақымдалуы қысқа тұйықталуға немесе электр тогының соғуына әкеліп соғуы мүмкін.



Эфир, бензин, спирт, сұйытылған мұнай газдары (пропан-бутан), бүріккіштер немесе косметикалық бұйымдар сияқты жанғыш заттарды тоңазытқыштың жанына немесе ішіне қоймаңыз.



Ол жарылысқа немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Жағымсыз иісті жою үшін тоңазытқыштың ішіне жанып тұрған майшамды салмаңыз.
Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін фен қолданбаңыз.



Ол жарылысқа немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Тоңазытқыштың ішіне жануарларды салуға тыйым салынады.



Тоңазытқыштың есігін ашып, жапқанда абай болыңыз, себебі жаныңызда тұрған басқа адамдарды жарақаттауыңыз мүмкін.



Есікті ашып, жабу кезінде, қолды немесе аяқты қысып қалуы мүмкін немесе бала есіктің бұрышына соғылып қалуы мүмкін.

Тоңазытқышта ғылыми материалдарды қоймаған дұрыс.



Қатаң түрде температуралық режимді қажет ететін материалдарды сақтау, олардың бұзылуына немесе кенет химиялық реакцияға әкелуі мүмкін.

Тоңазытқыш суға батып кеткен жағдайда, оның ары қарай пайдалануы тек қызмет көрсету орталығының маманы тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.



Әйтпесе, электр тогының соғу немесе өрт шығу қаупі бар.

Газ шыққан жағдайда, тоңазытқышқа немесе розеткаға тиіспеген дұрыс. Ғимарат ішін дереу желдетіп, қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.



Тасымалдау, жөндеу немесе пайдалану кезінде қандай да бір зақым газдың шығуына себеп болса, кез келген ұшқын өрттің немесе жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін.

Тоңазытқышты көтеру үшін, алдыңғы жағының астында және артқы жағының үстінде орналасқан тұтқаларды пайдаланыңыз.



Әйтпесе, қолыңыз тайып кетіп, жарақат алуыңыз мүмкін.

Тоңазытқышты тасымалдау үшін, оны алдын астынан және артында үстінен орналасқан тұтқалардан ұстаңыз.



Олай болмаған жағдайда, қолдан шығып кетуі, және оның жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

Қолыңызды немесе басқа да заттарды желдеткіш саңылауларға, қақпақтың астына, тоңазытқыштың артында орналасқан тесіктерге салмаңыз.



Ол электр тогының соғуына немесе жарақаттануға себеп болады.

Тоңазытқыштан бір түрлі иіс немесе түтін шыққанын байқасаңыз, желілік кабельдің ашасын дереу ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Ол өрттің шығуына себеп болады.



Тоңазытқыш құрылымын бөлшектеу, жөндеу немесе өзгеріс енгізу жұмысын тек білікті маман атқаруы қажет.



Тоңазытқышты тұрмыстық емес мақсатта (сынақ материалы ретінде, кеме ішінде т.б.) қолдануға тыйым салынады.
Ол өрт шығу, электр тогының соғу, ішіндегі азық-түліктің бұзылуы немесе химиялық реакцияның пайда болу қаупін тудырады.



Тоңазытқышты кәдеге жарату кезінде есіктің тығындарын алып, сөрелерін орындарында қалдырған дұрыс.
Әйтпесе, кішкентай балалар ішінде қамалып қалуы мүмкін.



Тоңазытқышты қатты, тегіс еденге орнатыңыз.
Ол тоңазытқыштың құлауының немесе адам жарақатының алдын алады.



Тоңазытқыштың жанында жылытқыш аспаптарды пайдаланбаған жөн.
Ол өртке себеп болуы мүмкін.



Қолыңызды тоңазытқыштың астына сұқпаңыз.
Тоңазытқыштың астындағы темір тақтаға қолыңызды жарақаттап алуыңыз мүмкін.



Тоңазытқыштың пластмассадан жасалған бөлшектеріне май (оның ішінде сұйық май) тигізбеңіз.
Ол бөлшектердің зақымдалуына және бұзылуына себеп болады.



Тоңазытқышты тастағыңыз келсе, кәдеге жарату қызметіне хабарласыңыз.
Хладагент пен оқшаулаушы газ кәдеге жарату кезінде ерекше шараларды қолға алуды талап етеді. Кәдеге жаратпас бұрын, тоңазытқыштың артқы жағындағы түтіктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.



Мұздатқыш бөлімдегі азық-түліктер мен жәшіктерді су қолмен ұстамаңыз.
Қолыңызды үсітуі мүмкін.



Тоңазытқышты желіден өшірген соң, кемінде бес минуттан кейін қосқан дұрыс.
Әйтпесе, тоңазытқыш істен шығуы мүмкін.



Тоңазытқышты желіден шығару үшін желілік кабельді емес, ашаны ұстаңыз.
Ашаны розеткадан шығару үшін кабельді тартуэлектр тогының соғуына, қысқа тұйықталуға немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Тоңазытқыштың жанында жанғыш аэрозоль қолдануға болмайды.
Ол өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Ашаны розеткадан тазалық жұмыстарын жүргізгенде немесе тоңазытқыш ішіндегі шамды ауыстырғанда шығарған дұрыс.
Олай істемеген жағдайда, ол электр тогының соғуына немесе жарақаттануға себеп болады.



Электр тогының соғу және өртену қаупінің алдын алу үшін найзағай соққан кездері немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын кезде тоңазытқышты өшіріп қойыңыз.



Тоңазытқыштың үстіне гүлсауыт, шынаяқ, косметика, дәрі-дәрмек немесе су құйылған ыдысты қоймаңыз.
Олар құлайтын болса, өрт шығуы, электр тогының соғуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.



Тоңазытқыштың есігін ашып, жапқанда тұрақсыз заттар төңкеріліп, құлауы және жарақаттауы мүмкін.
Есіктің қалтасында бөтелке және соған ұқсас ыдыстарды абайлап сақтаңыз.



Жылдам өшіру қажет болған жағдайлар үшін розетка қолжетімді жерде тұруы қажет.

Тоңазытқыштың бір есігі қатты жабылғанда, екінші есігі ашылып кетуі мүмкін, себебі тоңазытқыш камералары ауа өткізгіштермен байланысқан.

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Қадағаланбаған жағдайда немесе жауапты адамдар тарапынан тоңазытқышты пайдалану туралы нұсқаулар алмаған жағдайда, физикалық, сезімталдық немесе ақыл-ес қабілеті төмен немесе тәжірибесі жоқ тұлғалардың (оның ішінде балалар) пайдалануына арналмаған. Балалардың тоңазытқышпен ойнамауы үшін, оларды бақылау қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өндірушінің ұсыныстарына сәйкес келмеген жағдайда, азық-түлікті сақтауға арналған бөлімдерінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғының корпусында немесе құрылымында орналасқан желдеткіш саңылауларын бекітпеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Хладагент контурының зақымдалуына жол бермеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Еру процесін тездету үшін өндіруші ұсынған механикалық құрылғылардан басқа құралдар қолданбаңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ! ТҰТАНУ ҚАУПІ БАР!

Изобутан (R600a) қоршаған орта үшін қауіпсіз, бірақ жанар газ болып табылады. Озон қабатын зақымдамайды. Тоңазытқышты тасымалдау және орнату барысында тоңазытқыш пішінінің ешбір элементі зақымдалмауын қадағалау керек. Тоңазытқыш пішініндегі кему орын алған жағдайда газдардың өртенгіш қоспасының пайда болуына жол бермеу үшін құрылғы орнатылатын бөлменің көлемі минималды рұқсат етілген көлемнен үлкен болуы керек және қолданылған тоңазытқыш агентінің мөлшеріне тәуелді. R600a хладагентінің әрбір 8 грамына құрылғы орнатылған бөлменің кемінде 1 м3 келуі керек. Осы тоңазытқыш сұйықтығының ауадағы жарылғыш концентрация диапазонының төменгі шегі 1,8% құрайды. Қолданылатын тоңазытқыш сұйықтығының мөлшері тоңазыту бөлімінің ішіндегі жапсырмада көрсетілген.

Хладагенттің жылыстауының белгісімен мүмкін жеткіліксіз төмен температура тоңазытқыш және мұздататын аулақтануларда.

Хладагенттің ағып кетуі белгісіне тоңазыту және мұздату бөлімдеріндегі төмен температураның жеткіліксіздігі жатады. Хладагенттің ағып кеткені анықталса, ашық жалын көздерін өшіріңіз, тұтануы мүмкін от көздерін пайдаланбаңыз, бөлмені бірнеше минут ішінде желдетіңіз. Тікелей тию кезіндегі тоңазытқыш пішінінің элементтерінен газдың ағуы көз бен терінің зақымдалуына және осы газдың тұтануына апарып соғуы мүмкін. Тоңазытқыш пішінінде кез келген зақым белгілері бар тоңазытқышты іске қосуға тыйым салынады. Күдіктеріңіз бар болса, сатушыға немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІКТЕРІ

Үлгілері:

GA**589****
GA**539****
GA**499****
GA**489****
GA**439****



*Барлық үлгілердің құрамына кірмейді

ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышта қандай да бір бөлшектер жоқ болса, олар басқа үлгінің құрамына кіруі мүмкін.
Өндіруші компания алдын ала ескертусіз тоңазытқыштың құрамына өзгеріс енгізуге құқылы.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІКТЕРІ

Үлгілері:

GA**529****
GA**429****



ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышта қандай да бір бөлшектер жоқ болса, олар басқа үлгінің құрамына кіруі мүмкін.
Өндіруші компания алдын ала ескертусіз тоңазытқыштың құрамына өзгеріс енгізуге құқылы.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІКТЕРІ

Үлгілері:

GA**489T*
GA**439T*



*Барлық үлгілердің құрамына кірмейді

ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышта қандай да бір бөлшектер жоқ болса, олар басқа үлгінің құрамына кіруі мүмкін.
Өндіруші компания алдын ала ескертусіз тоңазытқыштың құрамына өзгеріс енгізуге құқылы.

КЛИМАТТЫҚ КЛАСС

Құрылғы климаттық белдеуге байланысты қоршаған ортаның температураларының шектеулі диапазонында жұмыс істеуге арналған. Аспапты белгіленген шектерден асатын температура жағдайында пайдалануға тыйым салынады. Сіздің аспабыңыздың климаттық сыныбы мұздатқыш бөлімнің ішінде орналастырылған техникалық сипаттамасы бар затбелгіде көрсетілген.

Сынып	Шартты белгісі	Қоршаған орта температураларының ауқымы, °C
Орташа ұлғайтылған ауқым	SN	+10 нан +32 -ге дейін
Орташа	N	+16 дан +32 -ге дейін
Субтропик	ST	+16 дан +38 -ге дейін
Тропик	T	+16 дан +43 -ке дейін

ОРНАТУ

- 1-суретте көрсетілгендей, шектеу тіректерін тоңазытқыштың артқы қабырғасының жоғарғы бұрышына орнатыңыз. Тіректер тоңазыту бөлімінің ішіндегі есік қалтасына қойылады.
- Тоңазытқыш бөлімдері бекітілмеген. Артқы және бүйір қабырғаның жоғарғы жағында ауа айналымы мен электр қуатын үнемдеу мақсатында кем дегенде 5 см бос кеңістік қалуы қажет.
- Тоңазытқышты жылу көздерінің жанына, тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе ылғалдығы жоғары жерге қоймаңыз.
- Нұсқаулықта көрсетілген электр тогының кернеуі үйіңіздің желілік параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқыштың бүйір жағын қабырғаға қартын орнату кезінде есіктің 90 градустан артық ашылу қажеттігін ескеріңіз, себебі сөрелер мен жәшіктерді шығару мүмкін болуы қажет.
- Тоңазытқыштың артқы жағындағы дөңгелек жапсырмаларды алмаңыз. Олар технологиялық тесіктерді жабу арқылы тоңазытқыш сәнін келтіріп тұрады.
- Тоңазытқыштың дірілдемеуі үшін, оның бір деңгейде тұрғандығын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда, еденнің тегіс емес жерлерін толтыру үшін аяқтарын реттеңіз. Есіктің дұрыс жабылуы үшін тоңазытқыш сәл артқа шалқайып тұруы қажет. Реттелмелі аяқтарды бұрау үшін, тоңазытқышты аздап шалқайтыңыз. Тоңазытқыштың алдыңғы бөлігін көтеру үшін реттелмелі аяқтарды сағат тіліне қарсы (), ал төмен түсіру үшін сағат тілі бойынша () бұраңыз.
- Тоңазытқышты пайдаланбас бұрын мұқият жуып шығыңыз.
- Тоңазытқыштың кейбір үлгілеріндегі сөрелердің алдыңғы бөліктерінде (металл түсті) түссіз қорғағыш үлдір жапсырылған, пайдаланар алдында оны алып тастаған дұрыс.
- Мұз қалыбы сияқты алынбалы бөлшектерді өз орнына қойыңыз.
- Желілік кабель ашасын розеткаға тығыңыз. Ол розеткаға басқа құрылғыларды қоспаңыз.

ҚОСУ

Тоңазытқышты алғаш орнатқан кезде, оның ішінде жұмыс температурасының орнауы үшін 2-3 сағат қосылып тұрсын, содан кейін ғана ішіне азық-түлік салыңыз. Тоңазытқышты желіден өшірген соң, кемінде бес минуттан кейін қосқан дұрыс. Енді тоңазытқышты пайдалана берсеңіз болады.



Сурет-1. Тежеуіш тіректерін орнату.

ЕСКЕРТПЕ

Тежеуіш тіректері тоңазытқыштың есік белдеуінде орналасқан, оның орнатуы тоңазытқыштың жұмыс тиімділігін артады.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Ішкі жарық диодты дисплейі



Жарық диодты (LED) дисплейі. Сыртқы, 1-тұрпат



Жарық диодты (LED) дисплейі. Сыртқы, 2-тұрпат



Жарық диодты (LED) дисплейі. Сыртқы, 3-тұрпат



Тоңазытқыш бөліміндегі температураны реттеу түймешігі

Оңтайлы температура аймағының температурасын «ЗОНА OPTI-TEMP»

Мұздатқыш бөліміндегі температураны реттеу түймешігі

Жылдам мұздату «БЫСТР.ЗАМОРОЗ.»/«ЭКО-РЕЖИМ»

Жарық диодты (LED) бейнебетті бұғаттау түймешігі тығыз жабылмаған есік туралы ескерту белгісі

Шам мұздатқыш бөлімше

Жарық диодты (LED) дисплейі. Сыртқы, 4-тұрпат



Тоңазытқыш бөліміндегі температураны реттеу түймешігі

Мұздатқыш бөліміндегі температураны реттеу түймешігі

Жылдам мұздату «БЫСТР.ЗАМОРОЗ.»/«ЭКО-РЕЖИМ»

Жарық диодты (LED) бейнебетті бұғаттау түймешігі тығыз жабылмаған есік туралы ескерту белгісі

ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ

Тоңазыту және мұздату бөлімдерінің бастапқы температурасы 3 °C және -20 °C.

Тиісті бөлім температурасын реттеу түймесін басу арқылы қалаған температураңызды орната аласыз.

Сыртқы дисплейі
1-тұрпат



Сыртқы дисплейі
2-тұрпат



Сыртқы дисплейі
3-тұрпат



Сыртқы дисплейі
4-тұрпат



Ішкі дисплейі



ЕСКЕРТПЕ

Жарық диодты (LED) бейнебетте көрсетілетін температура тоңазытқыштың ішіндегі нақты температура емес, жоспарлы температура болып табылады, себебі нақты температура азық-түліктің күйіне қарай өзгеріп отырады. Бастапқы кезеңде мұздату функциясы бәсең жұмыс істейді.

Тоңазытқыш кем дегенде 2~3 күн жұмыс істегеннен кейін температураны жоғарыда келтірілген суреттемеге сәйкес реттеңіз.

ОҢТАЙЛЫ ТЕМПЕРАТУРА АЙМАҒЫ «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР»

- Түймешікті басып, көкөністі немесе жеміс-жидекті (едәуір төмен сақтау температурасы болғанда) немесе ет сияқты, мұзын жібіту қажет басқа азық-түлікті сақтау үшін оңтайлы температураны таңдауға болады.
- Мұнда қандай азық-түлік сақталатынына қарай, температуралардың оңтайлы ауқымын таңдауға болады.

Сыртқы дисплейі
1-тұрпат, 3-тұрпат



- Екі режим ұсынылады: көкөніс пен жеміс-жидекті (2 °C) және ет немесе балықты (−1 °C) сақтау үшін.
- Осының арқасында көкөніс және суықта сақталатын, ылғалдылықты реттеуді қажет ететін азық-түлік, және ет пен балық көбірек балғын күйінде қала алады.
- ОВОЩИ шамы (көкөніс) жанып тұрғанда, «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР» - көкөніс пен жеміс-жидекті сақтау үшін оңтайлы температура орнатылған.



- МЯСО шамы (ет) жанып тұрғанда, «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР» - етті немесе балықты сақтау үшін оңтайлы температура орнатылған.



• Оңтайлы температура бөлімшесіндегі температура таңдалған режимге сәйкес және қоршаған ортаның температурасынан тәуелсіз, –2 °C ~3 °C ауқымында сақталады.

ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ «БЫСТР. ЗАМОРОЗ.»

• Жылдам мұздату қажет болғанда қолданылады сіз жылдам мұздату функциясын пайдалана аласыз; «БЫСТР.ЗАМОРОЗ» (жылдам мұздату) түймешігін бір рет басыңыз. «БЫСТР.ЗАМОРОЗ» (жылдам мұздату) шамы жанады да, жылдам мұздату басталады.

• Жылдам мұздатуға шамамен 24 сағат кетеді. Осы операция аяқталғаннан кейін тоңазытқыш алдыңғы күйіне (бұрын орнатылған температуралық режимге) автоматты түрде ауысады. Егер сіздің жылдам мұздату операциясын тоқтатқыңыз келсе, «БЫСТР.ЗАМОРОЗ» түймешігін тағы бір рет басыңыз, шам сөнеді де, жылдам мұздату операциясы тоқтайды, ал тоңазытқыш алдыңғы күйіне (алдыңғы температуралық режимге) оралады.

Сыртқы дисплейі
1-тұрпат, 3-тұрпат 4-тұрпат



Сыртқы дисплейі, 2-тұрпат



Ішкі дисплейі



• Жылдам мұздату режимін іске қосу үшін жарық диодты индикаторы бар 1, 3, 4-тұрпатты сыртқы реттегіштегі «БЫСТР.ЗАМОРОЗ/ЭКО-РЕЖИМ» түймешігін басыңыз.

• «ЭКО-РЕЖИМ» режимін іске қосу үшін түймешікті тағы бір рет басыңыз. Түймешікті үшінші рет басқан кезде екі режим де ажыратылады да, тоңазытқыш алдыңғы температуралық режимге оралады.

Сыртқы дисплейі
1-тұрпат, 3-тұрпат 4-тұрпат



ЕСКЕРТПЕ

«БЫСТР.ЗАМОРОЗ» режимі іске қосулы тұрғанда «БЛОКИРОВКА», басқа түймешіктер жұмыс істемейді. Егер бұл функция Сізге енді керек болмаса, аспапты алдыңғы температуралық режимге қайтару үшін «ЭКО-РЕЖИМ» түймешігін басыңыз да, басқа түймешіктерді іске қосыңыз.

«ЭКО-РЕЖИМ» ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІН

Бұл функция электр қуатын үнемдеу режимін іске қосады, ол Сіз демалыс күндері үйден кеткен жағдайда ыңғайлы. Ол қуат тұтыну көлемін азайтуға мүмкіндік береді.
Бұл функцияны іске қосу үшін «ЭКО-РЕЖИМ» түймешігін басыңыз, шам жанады. Түймешікті қайтадан басқан кезде, бұл функциясы ажыратылады.

Сыртқы дисплейі
1-тұрпат, 3-тұрпат 4-тұрпат



Сыртқы дисплейі, 2-тұрпат



Ішкі дисплейі



ЕСКЕРТПЕ

Электр қуатын үнемдеу үшін сыртқы дисплей қуат үнемдеу режиміне ауысады – «БЛОКИРОВКА» индикаторынан басқаларының бәрінің жарықтамасы сөнеді.

Бұғат «БЛОКИРОВКА» (жарық диодты бейнебет бар үлгі үшін)

- «БЛОКИРОВКА» түймешігін басқан кезде басқа түймешіктердің жұмысы тоқтайды.
- Тоңазытқыштың бейнебетін бұғаттау/бұғатын ағыту үшін «БЛОКИРОВКА» түймешігін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.



Ашу Жабу Ашу

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУ

Дисплейдің өзін-өзі тексеретін функциясы бар. Тоңазытқыш жұмысында ақаулық пайда болса, түймелер жұмыс істемей қалады және индикаторы ақаулық кодын көрсетіп тұрады. Ондай жағдайда, электр қуатынан ажыратпай, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер тоңазытқышты өшіріп тастасаңыз, қызмет көрсету инженері ақауы бар элементті анықтау үшін көп уақыт жұмсауы мүмкін.

ТЫҒЫЗ ЖАБЫЛМАҒАН ЕСІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ СИГНАЛЫ «ЗВУК. СИГНАЛ»

- Егер тоңазытқыштың есігі біршама уақыт (~ 1 мин) ашық тұрса, 30 секунд сайын қайталатын дыбыстық белгі іске қосылады.
- Тығыз жабылмаған есік туралы ескерту сигналын «ЗВУК.СИГНАЛ» түймешігін қысқа-қысқа басу арқылы іске қосуға және ажыратуға болады.
- Егер ескерту сигналы есік жабылғаннан кейін де жалғаса берсе, сервис орталығына хабарласыңыз.



Қосу Өшіру Қосу

ҚОСУ/ӨШІРУ

Осы түймешіктің көмегімен тоңазытқыш іске қосылады және өшіріледі. «ВКЛ/ВЫКЛ» түймешігі келесі әрбір басылған сайын тоңазытқыш іске қосылады және өшіріледі. Тоңазытқышты өшіру үшін «ВКЛ/ВЫКЛ» түймешігін басыңыз да, 7 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Тоңазытқышты іске қосу үшін осы түймешікті қысқа ғана басыңыз.



Қосу Өшіру

ЕСКЕРТПЕ

Электр қуаты үзіліп қалған жағдайда режимдердің параметрлері сақталады.

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМШЕНІҢ ЖАРЫҚТАМАСЫ (барлық үлгілерде емес)

- Мұздатқыш бөлімшенің жарықтамасы.
- Осы түймешікті басу арқылы мұздатқыш бөлімшенің жарықтамасының жұмысы реттеледі.
- Біртіндеп басу арқылы жарықтаманы тұрақты жарықтандыру режиміне қосуға, осы режимде жарықтылықты іске қосуға және оны өшіруге болады.
- Мұздатқыш бөлімшенің есігі ашылған кезде жарықтама әрқашан жұмыс істеп тұрады.


Қосу


Өшіру

ТОҢАЗЫТҚЫШ БӨЛІМШЕ (тек кейбір үлгілерге қолданылады)



1. Көкөніс салатын тартпалы жәшік «MOIST BALANCE CRISPER»
2. Тағамды саумал сақтау аймағы «FRESH 0 ZONE»

1. Оңтайлы ылғалдылықты ұстап тұратын «MOIST BALANCE CRISPER» бөлімі, көкөніс пен жеміс-жидекті сақтауға арналған тартпалы жәшік.
2. Саумалдықты сақтауға арналған «FRESH 0 ZONE» бөлімі: балық пен етті тоңазыту немесе мұзын жібіту. Көкөніс пен жеміс-жидек бұл бөлімде үсіп кетуі мүмкін.

Тағамды саумал сақтау «FRESH 0 ZONE» аймағындағы температураны былайша өзгертуге болады:

- тоңазытқыш бөлімшеде 6 °C температура орнатылғанда, тағамды саумал сақтау «FRESH 0 ZONE» аймағындағы температура 4 ± 2 °C болады;
- тоңазытқыш бөлімшеде 3 °C температура орнатылғанда, тағамды саумал сақтау «FRESH 0 ZONE» аймағындағы температура 0 ± 2 °C болады;
- тоңазытқыш бөлімшеде 0 °C температура орнатылғанда, тағамды саумал сақтау «FRESH 0 ZONE» аймағындағы температура –3 ± 2 °C болады.

ТАРТПАЛЫ ЖӘШІКТІ СУЫРЫП АЛУ «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР»

Тартпалы жәшікті алып шығу үшін оны өзіңізге қарай түгел тартыңыз да «ЗОНА ОРТІ-ТЕМР», содан кейін екі қолыңызбен жоғары көтеріңкіреңіз.





ТАРТПАЛЫ ЖӘШІКТІҢ ҚАҚПАҒЫН ҚАЛАЙ АЛУ КЕРЕК

Көкөніске арналған тартпалы жәшікті алып шығу үшін оны өзіңізге қарай тартып, жоғары көтеріңіз.



КӨКӨНІС САЛАТЫН ТАРТПАЛЫ ЖӘШІК

Әуелі астыңғы себетті сәл жоғары көтеріп есіктен алып шығыңыз.
Жәшікті түбіне дейін бері тартыңыз, оның алдыңғы жағын сәл көтеріп, өзіңізге тартыңыз да, алып шығыңыз.



ШӨЛМЕКТЕРДІ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТҰҒЫР (негізгі жинаққа кірмейді)

Шөлмектерді сақтауға арналған тұғырда шөлмектерді сақтауға болады.
Шөлмектерге арналған тұғырды аударып, сөренің астына қоюға болады. Бұл астыңғы сөреде көп орын босатуға мүмкіндік береді.



тұғыр пайдаланылады



тұғыр пайдаланылмайды

АЛМАЛЫ ШЫНЫ СӨРЕНІ АЛЫП ШЫҒУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

Сөренің тоңазытқыштан алып шығу үшін әуелі сәл көтеріңкіреңіз, содан кейін өзіңізге қарай тартыңыз. Дұрыс алып шықпаған жағдайда тоңазытқыштың ішкі бөліктері бүлінуі мүмкін.





ЖИНАЛМАЛЫ ШЫНЫ СӨРЕ

Тоңазытқышқа биік заттарды, мысалы, шөлмектерді қою:

• 1-тұр:
Үшін сөренің алдыңғы жартысын көтеріп,оны артқа сырғыту қажет. Сөренің бастапқы қалпына қайтару үшін оны көтеріңіз де, өзіңізге тартыңыз.



• 2-тұр:
Үшін сөренің алдыңғы жағын сәл көтеріңкіреп, оны артқы жаққа қарай итеріңіз.



Осы күйінде, сөренің екі жағын да жоғары көтеруге болады, содан кейін көбірек бос орын қалады.



Сөрені бастапқы қалпына қайтару үшін оның екі жағын төмен түсіріңіз, содан кейін астыңғы жағын өзіңізге қарай тартыңыз да сәл көтеріңкіреңіз.

СӨРЕЛЕРДІ ТОҢАЗЫТҚЫШТАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ:

• Сөренің алдыңғы жартысын кішкене көтеріп, оны артқы жартысының астына қарай итеру керек.
• Екі жартысын да жоғары көтеріп, рамадан суырып алу керек.
• Сөренің рамасын кішкене көтеру және өзіңе қарай тарту керек.



Сөрені бастапқы қалпына қайтару үшін оның екі жағын төмен түсіріңіз, содан кейін астыңғы жағын өзіңізге қарай тартыңыз да сәл көтеріңкіреңіз.

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМШЕДЕГІ ТАРПАЛЫ ЖӘШІКТЕРДІ АЛЫП ШЫҒУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

• Тоңазытқышта жақсы ауа айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатқыш камерадағы жәшіктерді түбіне дейін тіреп қою керек.
• Егер мұздатқыш камерада азық-түліктің көп мөлшерін сақтау қажет болса, мұздатқыш бөлімшенің үстіңгі және ортаңғы жәшіктерін алып шығып, азық-түлікті тікелей торлы сөреде сақтауға болады.
• Мұздатқыш камерада торлы сөрелер бар, олар азық-түлік сақтайтын орынды барынша үлкейтуге мүмкіндік береді.

Мұздатқыш камераның жәшіктерінің бірін алып шығу үшін, төмендегі әрекеттерді іске асырыңыз:
• жәшікті өзіңізге қарай түгел тартыңыз;
• жәшіктің алдыңғы бөлігін көтеріңіз де, алып шығыңыз.



Жәшікті мұздатқыш камераға қайта орнату үшін сол әрекеттерді кері реттілікпен орындаңыз:
• жәшікті бағыттауыштарға 45° градус еңістеп орнатыңыз;
• оның алдыңғы жағын бағыттауыштармен бір деңгейге түсіріңіз;
• жәшікті түбіне дейін итеріп кіргізіңіз.

Жәшіктің қисайып тұрмағанын тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

1. Жәшіктер мен сөрелерді шығару кезінде қатты күш салмау қажет – бұл және олардың дұрыс емес шығарылуы немесе орнатылуы тоңазытқыштың ішкі бөліктерін зақымдауы мүмкін.
2. Кепілдік тоңазытқыштың сақтау, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін бұзу, шамадан тыс физикалық күш қолданудан туындаған механикалық бүлінулерді қамтымайды (жарықтар, майысулар, ашу белгілері, т.б.)

МҰЗ ДАЙЫНДАУ

Мұз түйірлерін жасау үшін мұз науасын су деңгейіне дейін толтырып, оны мұздатқышқа салыңыз.
Егер мұз текшелері тез қажет болса, «БЫСТР.ЗАМОРОЗ.» (жылдам мұздату).



Мұз текшелерін алып шығу үшін науаны екі шетінен ұстап, сәл ғана бұраңыз.

КЕҢЕС

Мұз текшелері оңай алынуы үшін әуелі науаның үстінен су құйыңыз.

АЗЫҚ САҚТАУ

- Тоңазытқышта банан мен қауын сияқты, төмен температурада жылдам бүлінетін азық-түлікті сақтамаған дұрыс.
- Ыстық тамақты тоңазытқышқа қоярдан бұрын суытып алыңыз.
- Суымаған ыстық тағамдар тоңазытқышқа қойылғанда, басқа тағамдардың бүлінуіне әкелуі мүмкін.
- Азық-түлікті сақтаған кезде қақпағы бар ыдыс-аяқты пайдаланыңыз. Бұл ылғалдың буланып ұшуына кедергі жасайды және азық-түліктің дәмі мен нәрлі заттарын сақтауға көмектеседі.
- Желдеткіш саңылауларды азық-түлікпен бөгеп тастамаңыз. Суық ауаның үздіксіз айналуы тоңазытқыштағы тұрақты температураны ұстауға мүмкіндік береді.
- Есіктерді жиі аша беруге болмайды. Есіктер ашылған кезде ішіне жылы ауа кіреді де, бұл температураның жоғарылауына әкеледі.
- Есікке орнатылған науаларда тым көп азық-түлік сақтамаған жөн, себебі бұл есіктің тығыз жабылуына кедергі жасауы мүмкін.
- Шөлмектерді мұздатқыш бөлімшеде сақтамаңыз – қатқан кезде олар сынып кетуі мүмкін.
- Бұрын жібіген азық-түлікті қайта мұздатпаңыз. Бұл дәмдік сипаттары мен пайдалы заттарының ысырабына әкеледі.
- Тоңазытқышта фармацевтік өнімдерді, ғылыми зерттеулерге арналған материалдарды немесе температураға осал келетін басқа өнімдерді сақтамау керек. Тоңазытқышта температуралық режимнің қатаң сақталуын талап ететін азық-түлікті сақтауға болмайды.
- Егер жылы тағамдарды жылдам мұздату қажет болса, оларды мұздатқыш камераның астыңғы жәшігіне салыңыз да, «БЫСТР.ЗАМОРОЗ.» (жылдам мұздату) түймешігін басыңыз.
- Тоңазытқышта жақсы ауа айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатқыш камерадағы жәшіктерді түбіне дейін тіреп қою керек.

ТАЗАЛАУ

1. Тазалар алдында электр қорегінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Тоңазытқыштың сырты мен ішін жылы суға малынған таза шүберекпен немесе сұйық жуғыш затпен жуу керек. Содан кейін құрғақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
3. Жинап болғаннан кейін желілік сымының бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Содан кейін ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Тоңазытқышты жуғаннан кейін оны құрғақ сулықпен әбден құрғатып сүрту қажет. Түрпілі заттарды, бензинді, бензолды, еріткішті, хлоргидратты, ыстық суды, қатты шөткені және т.с.с. пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл тоңазытқыш бұзылуына әкелуі мүмкін.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ АЖЫРАТЫЛУЫ:

Электр қуатының 1~2 сағаттық үзілісі сақталатын азық-түлікке зиян келтірмейді. Осы уақытта тоңазытқыштың есігін сирек ашып-жабуға тырысыңыз.

КӨШІП-ҚОНҒАН КЕЗДЕ:

- тоңазытқыштан барлық азық-түлік пен басқа заттарды алып шығыңыз. Ішіндегі алмалы бөліктерін (сөрелер, жәшіктер, есіктегі науалар) мықтап бекітіңіз;
- тоңазытқыштың реттелмелі аяқтарын бүлдіріп алмас үшін, тасымалдау алдында оларды сағат тілінің бағытына қарсы бұрап қойыңыз;
- тоңазытқыштың кезінде машинаның ішінде соғылуына немесе құлауына жол бермеу үшін тоңазытқышты машинада мықтап бекіту қажет;
- тоңазытқыш жабық көлікпен, тігінен тұрған қалыпта тасымалдау керек. Тасымалдау кезінде зауыттан шыққан қаптамасы бүлінбеген болу тиіс;
- тиеген және түсірген кезде тоңазытқышты соғылудан сақтау керек.

ҚОСАР АЛДЫНДА:

Егер тоңазытқышты тасымалдау барысында күн суық болса, тоңазытқышты орауынан шешіңіз және 12 сағаттан ерте қоспаңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда оны орнынан қозғамаңыз және еңкейтпеңіз. Компрессорда шуыл пайда болуы мүмкін. Бұл ерекшелігі компрессордың жұмысына әсерін тигізбейді.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тоңазытқыш құрамдас бөліктерінің температуралық деформацияларының нәтижесінде, шыртылдау естілуі мүмкін. Терморегулятор және компрессордың өшуіне тән дыбыстар құрылғы электр жабдығының жұмысы барысында пайда болатын қалыпты дыбыстар болып табылады. Салқындату жүйесінің ішінде айналып таралатын хладагент, компрессор жұмыс істемесе де бүлкілдеуі мүмкін. Алаң болмаңыз, бұл қалыпты жағдай. Тоңазытқыштың жұмысы барысында келесілер естілуі мүмкін:
- желдеткіштер қанатшаларының сыбдыры;
- температура қадаға-релесінің іске қосылу шертпектері;
- ауа қалқалары жетегінің шуылы;
- тоңазытқыш жүйесінің құбырлары бойынша айналатын хладагент шуылы;
- материалдардың температуралық деформациясы кезіндегі шыртылдау.

Аталған дыбыстардың ақауға қатысы жоқ және олар функционалды сипатқа ие.

ЫЛҒАЛ ТҮЗІЛУІНЕ ҚАРСЫ ТҮТІК:

- ылғал түзілуіне қарсы түтік ылғал жиналуына жол бермеу үшін тоңазытқыштың беткі жағын айналдыра тартылған.
- бұл жерлерде әсіресе орнатқаннан кейін дереу немесе қоршаған ортаның температурасы жоғары болғанда, тоңазытқыш тым қатты қызып кетуі мүмкін.



ылғал түзілуіне қарсы түтік

ЕСІКТЕРІН АУЫСТЫРЫП ІЛУ

Тоңазытқыш сіздің ас үйіңіздің қалай жоспарланғанына қарай, есіктері кез келген жаққа, оңға немесе солға қарай ашыла алатын етіп жобаланған.

ЕСКЕРТПЕ

Алайда, егер Сізге есіктерді ауыстырып ілу қажет болса, қызмет көрсетуші маманды шақырған жөн. Ескерту Есік бағытын өзгерту кепілдендірумен қамтылмайды.

ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-САЙМАН:

- сомын кілт 10 мм және 6 мм;
- 5 мм-лік алты қырлы кілт;
- айқас бұрағыш.

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

1. Тоңазытқыштың есігін қарама-қарсы жаққа ілерден бұрын электр сымын суырыңыз да, тоңазытқышты азық-түліктен босатып, ондағы бекітілмеген керек-жарақтарды – сөрелер мен сауыттарды шығарыңыз.
2. Тоңазытқышты еденге жатқызып қоймаңыз.
3. Абай болыңыз, есікті ағытып алған немесе құрастырған кезде құлатып алмаңыз.

- Тоңазытқыш есігінің үстіңгі қақпағын (2) ағытып алыңыз, ол үшін бұрамаларды (1) алыңыз.
- Бітеуішті (3) үстіңгі қақпақтың (8) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз.
- Жалғағыш сымды (4) ажыратыңыз. (Сыртқы тұрпатты бейнебеті бар үлгілер үшін).



- Үстіңгі қақпақты (6) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (5) шешіп алыңыз.
- Сым ұстатқышты (7) алыңыз да, оны қақпақтың ортаңғы бөлігіне (6) бекітіңіз.
- Бітеуішті (9) қақпақтың қарама - қарсы жағына (6) орнатыңыз.



- Бұрамаларды (5) алыңыз, қақпағын (6) өзіне қарай тартыңыз, содан кейін сымдарын кері алмай, қақпанының (6) сырт жағы өзіне қарай қөтеріңкіреңіз және бұрып жіберіңіз.

• Сымдардың ширатылған орамын (10) қақпақтың (6) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз.



• Үстіңгі қақпақты (12) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (11) шешіп алыңыз.
• Тоңазытқыш бөлімшенің есігін ағытып алыңыз.
• Өзекті (13) бұрап алыңыз да, топсаның (12) қарама-қарсы жағына орнатыңыз сомын кілті пайдалану метрдің мыңнанбірі 6.



• Ортаңғы есік топсасын (15) алыңыз, ол үшін бұрандаларды (14) 5 мм-лік алты қырлы кілтпен шешіп алыңыз.
• Мұздатқыш бөлімшенің есігін ағытып алыңыз.
• Бітеуішті тоңазытқыштың қарама-қарсы жағына бекітіңіз.



• Астыңғы есік топсасын (18) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (17) және
• Бұрандаларды (19) топсаның (18) қарама-қарсы жағына бекітіңіз сомын кілті пайдалану метрдің мыңнанбірі 6.
• Мұздатқыш бөлімшенің есігінің үстіңгі жағындағы бітеуішті (20) алыңыз да, оны қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.



• Тоңазытқыш бөлімшенің есігінің астыңғы жағындағы шектегішті (21), төлкені (22) және жеткізгішті (23) алыңыз, ол үшін бұрамаларды (24) ағытып алып, оны қарама-қарсы жаққа бекітіңіз. Осындай әрекетті мұздатқыш бөлімшенің есігі үшін де іске асырыңыз.



Үлгілері:
GA**489Y*/GA**439Y*/GA**429Y*
GA**589Y*/GA**539Y*/GA**529Y*:

- Тоңазытқыш және мұздатқыш бөлімшелердің есік тұтқаларын алыңыз (1), (5), ол үшін қалпақтарды (2) алыңыз, содан кейін бұрамаларды (3) сағат тілінің бағытына қарсы ағытып алыңыз.
- Бітеуіштерді (4) алыңыз.
- Тұтқаларды (1), (5) және бітеуіштерді (4) қарама-қарсы жаққа екі ретпен орнатыңыз.



Үлгілері:
GA**489Z*/GA**439Z*/GA**429Z*
GA**589Z*/GA**539Z*/GA**529Z*:

- Есіктердің механикалық тұтқаларын (1), тоңазытқыш пен мұздатқыш бөлімшелердің тұтқаларын (5) алыңыз, ол үшін қалпақтарды (2) алыңыз, содан кейін бұрамаларды (3) ағытып алыңыз.
- Бітеуіштерді (4) алыңыз.
- Тұтқаларды (1), (5) және бітеуіштерді (4) қарама-қарсы жаққа кері ретпен орнатыңыз.



Үлгілері: GA**489T*/GA**439T*:

- Тоңазытқыш бөлімшенің есігін ағытып алыңыз (1).
- Бітеуішті (2) және сырғытпаны (3) алыңыз да, суретте көрсетілгендей, оларды қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.



- Мұздатқыш бөлімшенің астыңғы есік топсасын (18), тоңазытқыш бөлімшенің ортаңғы есік топсасын (15), үстіңгі есік топсасын (12) құрастырыңыз, жалғағыш сымды (4) қосыңыз, қақпақты (6), және (2) кері ретпен орнатыңыз. (Барлық үлгілерде).

SmartDiagnosis™ (ұшқыр диагностика)

Осы функцияны тек Клиенттерді қолдау орталығының ұсыныстамасы бойынша қолданыңыз (телефон нөмірі кепілдік талонында көрсетілген).
Қызмет көрсету орталығының деректерін беруге ілесе жүретін дыбыс факс жұмыс істеген кездегі дыбысқа ұқсайды.

ЕСКЕРТПЕ

Егер тоңазытқыш электр желісіне қосулы болмаса, SmartDiagnosis™ функциясын (ұшқыр диагностика) пайдалану мүмкін емес. Мұндай жағдайда ақаулықтарды жоюды SmartDiagnosis™ (ұшқыр диагностика) қызметін пайдаланбастан жүзеге асыру қажет.

Тоңазытқышта ақаулықтар пайда болған жағдайда, Тұтынушыларды қолдау орталығына қоңырау соғыңыз да, маманның нұсқауларын рет-ретімен дұрыс орындаңыз:

1. SmartDiagnosis режимін іске қосу:
   - Сыртқы жарық диодты бейнебет үшін. Есікті ашыңыз, «Жарық диодты бейнебет (LED) түймешігі/Тығыз жабылмаған есік туралы ескерту белгісі» түймешігін басыңыз да, бұғаттама іске қосылғанша 3 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін «Мұздатқыш бөлімшедегі температураны реттеу» түймешігін басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз;

Сыртқы дисплейі



3 сек 3 сек

   - Ішкі жарық диодты бейнебет үшін. Есікті ашыңыз да, «МОРОЗ. КАМ.» түймешігін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Ішкі дисплейі



3 сек

2. Операторды нұсқауларын орындай отырып, телефонның микрофонын «SmartDiagnosis» белгішесіне барынша жақын апарыңыз. Дыбыстық дерек беру аяқталғанша телефонды осы қалыпта ұстап тұрыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Нәтижелері барынша дәл болуы үшін дыбыстық белгілер беріліп жатқан сәтте телефонды қозғалтпауға тырысыңыз.

3. Егер қолдау орталығының операторы алынған нәтижелер бұрмаланған немесе толық емес деп тапса, Сізден дерек беру үдерісін қайталауды өтінуі мүмкін.
4. Дерек беру үдерісін тоқтатып, SmartDiagnosis™ жұмысын аяқтау үшін «БЛОКИРОВКА» (бұғаттау) және «Регулировка температуры в морозильном отделении» (Мұздатқыш бөлімшедегі температураны реттеу) (сыртқы жарық диодты бейнебет) түймешіктерін басыңыз, ішкі бейнебет үшін «МОРОЗ. КАМ.» түймешігін басыңыз.
5. Дыбыстық белгілерді беру аяқталған бетте, Сіз оператормен сөйлесуді әрі қарай жалғастыра аласыз. Ол алынған ақпаратты техникалық орталыққа талдауға жібереді.

Жөндеу орталығына хабарласар бұрын мына тізімді оқыңыз немесе тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне қоңырау соғыңыз. Бұл уақыт пен ақшаны үнемдеуге көмектеседі. Бұл тізімде құрастыру сапасының нашар болуының немесе осы аспапта сапасыз материалдардың пайдаланылуының нәтижесі болып табылмайтын, ең көп тараған жағдайлар қамтылған.

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ
Электр желісіне қосылған тоңазытқыш жұмыс істемейді	• **Аша мен розетканың арасында түйіспе жоқ.** Кернеудің бар-жоғын тексеріңіз. Аша мен розетканың арасындағы түйіспені қамтамасыз етіңіз. 5-беттегі «Электр қуатының көзіне қосқан кезде» тарауын қараңыз; • **Ішкі жарықтандыру жоқ.** Айырдың розеткаға тығыз енгізілгенін тексеру қажет. Жарық диодты шам жанбаса, сатушымен немесе өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз. • **Қуаттың іркілісі.** Үйдегі жарықтың бар-жоғын тексеріңіз.
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурсы тым төмен	• **Тоңазытқыш жылу көзіне тым жақын орналасқан.** «Орнату» тарауын қараңыз; • **Тоңазытқыштың есіктері тым жиі ашылады немесе ұзақ уақыт бойы жабылмаған күйде қалдырылады.** • **Бөлімшелердің есіктері тығыз жабылмаған.** «Ақаулықтарды іздеу және жою» тарауын қараңыз (Есік тығыз жабылмайды).
Вибрация немесе дүрілдеу немесе ерсі шулар	• **Тоңазытқыш еденде орнықсыз қалыпта тұр.** Оның орналасуын реттегіш бұрандамалардың көмегімен түзетіңіз. «Орнату» тарауын қараңыз; • **Тоңазытқыш маңайдағы заттарға тиіп тұр.** «Орнату» тарауын қараңыз.
Тоңазытқыштың ішкі беттеріндегі қырау немесе мұз	• **Есіктер тығыз жабылмаған немесе азық-түлік есіктің жабылуына кедергі жасайды.** «Азық-түлікті сақтау» тарауын қараңыз; • **Есіктер тым жиі және ұзақ уақытқа ашылады;** • **Азық-түлік салынған сауыттың ішіндегі қырау – қалыпты құбылыс.**
Есік тығыз жабылмайды	• **Есіктің жабылуына азық-түлік кедергі жасайды.** Есіктің жабылуына кедергі жасайтын азық-түлікті жылжытыңыз. «Азық-түлікті сақтау» тарауын қараңыз; • **Тоңазытқыштың деңгейі тураланбаған.** Реттелмелі тіреулерін бұраңыз. Тоңазытқыш орнатылған жер тегіс болмауы мүмкін. Реттеуіш бұрандалардың көмегімен тоңазытқыштың алдыңғы жағын сәл көтеріңкіреңіз. «Орнату» тарауын қараңыз; • **Есіктегі тығыздауыштың ластануы.** Резеңкелі тығыздауыштың ішіндегі қоқысты ұқыптап шүберекпен сүртіңіз. • **Бөлімшелердің есіктері тығыз жабылмаған.** «Ақаулықтарды іздеу және жою» тарауын қараңыз (Есік тығыз жабылмайды).
Өшірілмейді	• **Жылдам мұздату функциясы іске қосулы.** «Іске пайдалану» тарауын қараңыз (Жылдам мұздату); • **Тоңазытқыш жылу көзіне жақын орналасқан.** «Орнату» тарауын қараңыз; • **Тоңазытқыштың есіктері тым жиі ашылады немесе ұзақ уақыт бойы жабылмаған күйде қалдырылады.** • **Ыстық азық-түлікті сақтау.** «Азық-түлікті сақтау» тарауын қараңыз; • **Бөлімшелердің есіктері тығыз жабылмаған.** «Ақаулықтарды іздеу және жою» тарауын қараңыз (Есік тығыз жабылмайды).

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ
Корпустың бетінде ылғалдың пайда болуы	• **Бұл ауаның ылғалдылығы жоғары үй-жайларда орын алуы мүмкін.** Ылғалды таза шүберекпен сүртіп алыңыз.
Ішінде ылғал жиналады	• **Есіктер тым жиі және ұзақ уақытқа ашылады.** • **Ылғалды ауа-райы жағдайында есік ашылған кезде ылғал ішке ауамен бірге кіреді.**
Тоңазытқыштағы жағымсыз иіс	• **Тоңазытқышты дұрыс күтіп ұстамау, ашық тұрғанда иісі шығатын азық-түлікті сақтау.** «Азық-түлікті сақтау» тарауын қараңыз; • **Есік соңына дейін жабылмайды;** • **Бүлініп кеткен азық-түлік жоқ екенін тексеріңіз.** • **Тоңазытқыштың ішкі беткі қабаттарын жуу қажет.** «Тазалау» тарауын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышқа техникалық қызмет көрсету және оны пайдалану туралы толығырақ ақпаратты Сіз LG компаниясының ресми веб-торабында, «Сұрақтар мен жауаптар» тарауынан (www.lg.com/kz/support/product-help) таба аласыз.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз.

КЕПІЛДІК ТӨМЕНДЕГІЛЕРГЕ ТАРАЛМАЙДЫ:

- іске пайдалану бойынша нұсқаулықта келтірілген, тауарды іске пайдалану, сақтау немесе тасымалдау ережелерінің бұзылуының нәтижесінде пайда болған тұтынушының шағымдарына;
- дүлей күш (табиғи нәубет, өрт, найзағай және т.с.с.) әсер еткен жағдайда;
- өкілеттік берілмеген тұлғалар жөндеген немесе өндіруші рұқсат бермеген құрылмалық немесе схемалық техникалық өзгерістерді енгізген жағдайда;
- мемлекеттік Техникалық Стандарттардан (ГОСТ) және электрмен қоректендіретін желі нормаларынан ауытқыған жағдайда;
- бұйым қате орнатылған және дұрыс іске қосылмаған жағдайда;
- бұйым кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылған жағдайда.

ЕСКІ ҚОНДЫРҒЫҢЫҢ ӨНДЕЛІНІП - ЖОЙЫЛУ ТӘРТІБІ

1. Егер бұйымда үстінен сызылған доңғалағы бар қоқыс шелегін бейнелейтін таңба болса, ол аталған бұйымға Еуропалық 2002/96/EC директивасының таралатынын білдіреді.
2. Барлық электрлік және электрондық құрылғылар тұрмыстық қоқыстан бөлек, мемлекеттік немесе жергілікті билік органдары көрсеткен арнайы жинау орындары арқылы кәдеге жаратылуға тиіс.
3. Ескі жабдықты дұрыс кәдеге жарату қоршаған ортаға және адамның денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды ықпалдың алдын алуға көмектеседі.
4. Ескі жабдықты кәдеге жарату тәртібі туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін өз қалаңыздың әкімшілігіне, кәдеге жаратумен айналысатын қызметке немесе осы тауарды сатып алған дүкенге хабарласыңыз.





EAC

LG өнімі сертификатталған. Біздің құралдарды сертификация ақпаратын, сертификат нөмірі мәліметін, қолдану мерзімі және қолдану мерзімі жайлы ақпараттырын клиент қолдау қызметінде алуыңызға болады.

Өндіруші: «ЛГ Электроникс РУС» ЖШҚ
Мекенжай: Ресей, 143160, Мәскеу облысы, Рузский ауданы, Дороховское кенті Минск тасжолы, 86 км., 9-үй.

8-800-200-76-76	РЕСЕЙ
8-820-0071-11-11	БЕЛАРУСЬ
8-8000-805-805 **2255** (ұтқырдан GSM)	ҚАЗАҚСТАН
0-800-303-000	УКРАИНА
00-800-0071-0005 (ғана стационарлық телефон үшін)	МОЛДОВА
8-800-120-2222	ӨЗБЕКИСТАН
800-0071-0005	ҚЫРҒЫЗСТАН
8-0200-201	ЛАТВИЯ
8-800-08-081	ЛИТВА
800-9990	ЭСТОНИЯ

LG компаниясының Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметі